

Құрғақшылықтан зардал шеккен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 580

Құрғақшылық нәтижесінде үстіміздегі жылды Семей облысының көптеген шаруашылықтарында өте аз мөлшерде астық жиналды, мұның өзі оған мемлекеттік ресурсқа астық беру жөніндегі вексельдік бағдарламаны орындауға және астық несиесі жөніндегі берешекті жабуға мүмкіндік бермеді. Құрғақшылықтан зардал шеккен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге көмек көрсету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қоры осы облыс шаруашылықтарының қорға қалыптасқан берешегін жабуды жеделдету жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы мемлекеттік ресурstan Семей облысының шаруашылықтарына алдын-ала төлем жасау шартымен 9,2 мың тонна дәнді дақылдар тұқымын сататын болсын.

3. Семей облысының өкімі 1997 жылғы 1 қарашаға дейін мемлекеттік ресурсқа 1996 жылғы вексельдер бойынша 14,4 мың тонна мөлшердегі астықтың және 6,2 мың тонна астық несиесінің берешегін жабуды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр